

«Біздің клиенттер – Біздің ең жақсы жарнамамыз!» жарнамалық науқанына қатысу ережелері

Жалпы шарттар

1. «Біздің клиенттер – Біздің ең жақсы жарнамамыз!» жарнамалық науқаны (әрі қарай мәтін бойынша «Науқан») «Альфа-Банк» ЕБ АҚ (әрі қарай мәтін бойынша «Банк» немесе «Науқан ұйымдастырушысы») тарапынан жүзеге асырылады.
2. Науқан Қазақстан Республикасының аумағында 2021 жылдың «15» шілдесінен бастап 2021 жылдың «31» желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (әрі қарай мәтін бойынша «Науқан мерзімі») Банктің бөлімшелері бар келесі қалаларда өткізіледі:

- Нұр-Сұлтан
- Алматы
- Шымкент
- Атырау
- Ақтөбе
- Ақтау
- Қарағанды
- Көкшетау
- Өскемен
- Орал
- Павлодар
- Семей
- Петропавл
- Қостанай

Науқанға кім қатыса алады?

3. Банктің ағымдағы клиенттері (Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты адамдарды, Банк қызметкерлерін қоспағанда) – заңды тұлғалар; жеке кәсіпкерлер; жеке нотариустар; адвокаттар; «Альфа-Бизнес Қазақстан» мобильді қосымшасында тіркелген және «Альфа Business» немесе «Альфа Business Premium» бизнес-карталары бар медиаторлар (банктік шотты жүргізу үшін комиссия төлемі бойынша берешек болмау шартымен).

Науқанға қатысу шарттары

4. Науқанға қатысу үшін жүзеге асыру қажет:
 - «Альфа-Бизнес Қазақстан» мобильді қосымшасында айына кемінде 5 операция жүргізу;
 - Банктің www.alfamsb.kz сайтында Науқанға қатысуға өтінім беру.

(Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жарнамалауға тыйым салынған әрекет түрлеріне, тауарларға, қызметтерге шектеулер бар).

5. Осы Ережелердің 3 және 4-тармақтарында көрсетілген Науқан шарттарына сәйкес келетін алғашқы 350 (үш жүз елу) қатысушы автоматты түрде Науқан жеңімпаздары атанады. Жеңімпазға жүлде ретінде Банк Жеңімпаздың кәсіпкерлік қызметі туралы жарнамалық бейне роликтің монтажын және оны интернет желісінде және Қазақстан Республикасы бойынша Instagram-дағы жаңалықтар парақшаларында орналастыруды Банк есебінен төлейді (әрі қарай мәтін бойынша «Жұлделер» немесе «Жұлде»). Бейнероликті монтаждау, өңдеу, дыбыстау және оны интернет желісінде орналастыру бойынша қызметтер көрсететін адамды, сондай-ақ бейне роликтің ұзақтығын,

орналастыру жерін және т.б. Банк анықтайды. Бейне роликті кез келген тәсілмен (кез келген форматта) өңдеу (монтаждау), интернет желісінде орналастыру Банктің айрықша құқығы болып табылады.

6. осы Ережелердің 4-тармағына сәйкес өтінім беру арқылы өтінім берген тұлға келіседі:
 - 1) Науқан шарттарымен және осы Ережелермен, сондай-ақ оның атын, тегін, фотосуретін, бейнесін, сұхбатын және ол туралы басқа материалдарды Банк пайдалана алатындығымен;
 - 2) Науқанға қатысу туралы, оның ішінде радио мен теледидарда трансляциялау үшін, сондай-ақ басқа бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру үшін жарнамалық сұхбат беру. Түсірілімге қатысу үшін Банктен ешқандай сыйақы алмастан, графикалық жарнамалық материалдарды жасау мақсатында бейне түсірілімге қатысу.

Бейнероликке, сондай-ақ Жеңімпаздар қатысатын жарнамалық Науқанның барлық материалдарына эксклюзивті мүліктік (авторлық) құқықтар Банкке тиесілі болады.

Жүлделерді алу тәртібі мен мерзімі:

7. Банк Ережелердің 5-тармағына сәйкес жеңімпаз деп танылған Науқан қатысушыларын Науқанға қатысуға берілген өтініште көрсетілген телефон нөмірі арқылы хабардар етеді.
8. Науқан жеңімпазы Банк хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Банктің www.alfamsb.kz сайтында орналастырылған бейнероликтерді түсіру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес өз бетімен түсірген бейнероликті Telegram арнасы арқылы Банкке ұсынады.
9. Банкке бейне материал ұсынуға байланысты Науқан жеңімпазының барлық шығындарын Науқан жеңімпазы өзі төлейді.
10. Науқанның алғышарты БАҚ-да бейнероликті, сондай-ақ Жеңімпаз туралы ақпаратты жариялау (орналастыру) болғандықтан, Жеңімпаз бейнероликпен бірге банктік құпияны (Қатысушы Банктің клиенті болып табылатындығы туралы ақпаратты) ашуға; жеке (биометриялық) деректерді жинауға, өңдеуге, беруге (трансшекаралықты қоса алғанда); заңды тұлға өкілінің/жеке кәсіпкердің жеке бейнесін пайдалануға; науқанға қатысуға; заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің фирмалық атауы мен логотипін атап өтуге жазбаша келісімді; Науқан шарттары шеңберінде Жеңімпаз (немесе оның тапсырмасымен/нұсқауымен басқа тұлға) түсірген бейнероликке айрықша мүліктік құқықтарды Банкке беру (табыстау) туралы құжатты ұсынуы қажет.
11. Жеңімпаз Науқанға қатысудан бас тартқан жағдайда және/немесе 10-тармақта көрсетілген бейне материалды, жазбаша келісімдерді және басқа құжаттарды Банкке ұсынбаған жағдайда, Науқан шарттарына сәйкес Банктің шешуі бойынша Жүлдені алу құқығы Науқанның жоғарыда аталған шарттарына сәйкес келетін келесі Науқан қатысушысына берілуі мүмкін.
12. Жүлде құнының ақшалай баламасын төлеу жүргізілмейді.

Қорытынды ережелер

13. Науқан Жеңімпаздарын анықтауға қатысты барлық мәселелер бойынша Банктің шешімдері барлық Науқан Қатысушылары үшін міндетті болып табылады.

14. Банк кез келген уақытта осы Ережелерді толықтыруға және/немесе өзгертуге құқылы.
15. Банк телекоммуникация және энергетика желілеріндегі ақаулар, зиянды бағдарламалардың әрекеттері, үшінші тұлғалардың жосықсыз әрекеттері және Банктің бақылауынан тыс басқа да күтпеген жағдайлардың салдарынан Науқан қатысушылары алдындағы міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап бермейді.